

## **Қарғалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 58 қаулысының күшін жою туралы**

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 237 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 бабына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 02 наурыздағы № 58 "Қарғалы ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулысының ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4302 болып тіркелген , 2015 жылдың 13 сәуірінде аудандық "Қарғалы" газетінде және 2015 жылдың 16 сәуірінде "Әділет" АҚЖ-де ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.Ізтілеуге жүктелсін.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*І.Тынымгереев*